ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2023 жылғы 11 тамыз Іс №1513-23-00-2/1411 Актөбе қаласы

Актөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.Б.Кустанов,
сот отырысының хатшысы Х.К.Уразова отырып,
сот ғимаратында «Whatsapp» мобильдік косымшасы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Актобе облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Наталья Ивановна Коркуть

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосыксыз қатысушысы деп тану;
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
талап қоюшының өкілі Аубакирова С.С.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 13 сәуірде «Актөбе облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі (тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер Наталья Ивановна Коркуть (өнім беруші) арасында «бағалы ұсынныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың корытындылары негізінде тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №17 шарты жасалған.

Шарттың №1-қосымшасына сәйкес, Өнім беруші жалпы сомасы 9 600 теңгеге 4 дана «пернетакта» тауарын шартқа кол қойылған күннен 30 күнтізбелік күн ішінде, яғни 13 мамырға дейін жеткізуге міндеттелген. Алайда, 2023 жылдың 13 мамыры демалыс күніне түсуіне байланысты тауардың жеткізу мерзімі 2023 жылдың 15 мамырына түседі.

Шарттың орындалуын камтамасыз ету сомасы жауапкермен 2023 жылғы 24 сәуірде енгізілген.

2023 жылғы 30 мамырда шарт біржақты бұзылған.

Талап коюшы сотқа талап кою беріп, онда жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 230 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұлды өндіруді талап еткен.

Жауапкерден талап коюға қарсы пікір түскен жоқ.

Сот отырысында талап коюшының өкілі талап коюда келтірген уәждерін қолдап, шартты біржақты бұзғанын айтып, талап коюды толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланғанымен жауапкер атынан өкіл сот отырысына қатысқан жоқ, іс өзінің қатысуынсыз қарау туралы сотқа арызданбаған.

Іс негізінен қарау үшін дәлелдемелер жеткілікті болғандықтан, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының (әрі қарай - АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот іс жауапкердің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АК) 272, 277 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай - Заң) 12-бабының 4-тармағы 3-тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісті дәрежеде орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3)-тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуметті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы тарапынан отыз күнтізбелік күн ішінде сотка жүгіну мерзімі сақталған.

Жауапкердің шарттық міндетеммені орындамағаны жөнінде талап қоюшыға 2023 жылғы 16 мамырда белгілі болған.

Талап қоюшы «Сот кабинеті» арқылы сотқа 2023 жылғы 5 маусымда жүгінді.

Сотта анықталғандай, жауапкер өзіне мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт бойынша жүктелген міндеттемені орындамаған.

Бұл тұрғыда, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден жергілікті бюджетке 1 725 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышкор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес, жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігер міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Мердігерден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстапкалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттын жалпы сомасының 10 % артық болмауы тиіс.

Талап қоюшы көрсеткендей жауапкер тауарды жеткізу мерзімін 24 күнге өткізіп 230 теңгені өндіруді сұраған.

Сот жауапкер міндеттемелерін 15 күнге өткізгенін есептеп, шарттын жалпы сомасы 9 600 *0,1%*15 күн = 144 теңге мөлшердегі тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады деп санайды.

Бұл тұрғыда сот талап қоюшының жауапкерден тұрақсыздық айыбын өндіру талабын ішінара қанағаттандырады.

Бұл ретте, жауапкерден мемлекет пайдасына 144 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл және жергілікті бюджетке 4 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Актөбе облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесінің талап кою арызы ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Наталья Ивановна Коркуть мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Наталья Ивановна Коркуть мемлекет пайдасына 144 (жүз қырық төрт) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер Наталья Ивановна Коркуть жергілікті бюджетке 1 729 (бір мың жеті жүз жиырма тоғыз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің төрт жүз үш төрт жүз төртінші-баптарының талаптарын сақтап, Актөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Актөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья Кустанов Р.Б.

Көшірме дұрыс

Судья Кустанов Р.Б.

Анықтама

Шешім 2023 жылғы 19 қыркүйекте заңды күшіне енді.

Судья Кустанов Р.Б.

Прошнуровано, пронумеровано

на _____ листах,

на _____ страницах

Судья СМЭС г.Актобинской области

Кустанов Р.Б.